

ТЕМІР ГЕНЕРАЛ САБЫР РАҚЫМОВТЫҢ ӨМІРІ МЕН ӘСКЕРИ ҚОЛБАСШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ (1902-1945 ЖЖ.).

Смағұлов Н.Б., тарих мағистрі

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Мукатова Ғ.О., тарих пәнінің мұғалімі

№1 Білім-инновация лицейі

Қарағанды қ., Қазақстан

Адамзат баласына орасан зор қайғы-қасірет әкелген ІІ-ші дүниежүзілік соғыстың аяқталғанына биыл 77 жыл толып отыр. Келмеске кеткен Кеңес Одағы кезінде ІІ-ші дүниежүзілік соғыстың Шығыс майданы деп аталуы тиіс, бірақ кеңестік идеологияның әсерінен Ұлы Отан соғысы аталған майданда бабаларымыздан қалған батырлық дәстүрге адал болып, қазақ халқының рухын асқақтақан батыр ұл-қыздарымыз өте көп болды.

1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы жылдарында Қазақстаннан 1374164 адам әскер қатарында болып неміс-фашист басқыншылығы мен жапон милитаристеріне қарсы майдан даласының алғы шептеріндегі соғыстарға қатысты. Сол ерлік пен қаһармандықтың сара жолын жалғастырушының бірі – Ұлы Отан соғысы жылдарында Орта Азия елдерінің оның ішінде қазақ халқының арасынан шыққан тұңғыш генерал, дивизия командирі, Кеңес Одағының Батыры Сабыр Рақымов. Ұлы Отан соғысы жылдарында ірі әскери құрамалар болып саналатын полк, дивизияға қолбасшылық жасаған қазақ халқының қаһарман ұлының есімі бүгінде елімізге оралды.

Генерал-майор Сабыр Омарқұлұлы Рақымов Ұлы Отан соғысы жылдарында ірі әскери құраманы басқарған қаһарман қолбасшы, шебер стратег. Соғыстың ең ауыр кезеңдерінде Жоғарғы Бас Қолбасшының бұйрығымен қазақ халқының батыр ұлы Сабыр Рақымов 395, 47, 37 атқыштар дивизияларының командирі болып тағайындалады. Атап айтсақ 1942 жылдың 1 қыркүйегі мен 1943 жылдың 30 сәуірі аралығында Сабыр Рақымов Кавказды қорғап қалған 395-ші атқыштар дивизиясының даңқты командирі болды. Кавказ үшін шайқаста көрсеткен көзсіз ерлігі мен дивизияны шебер басқарған қолбасшылығы үшін Жоғарғы Бас Қолбасшы, Қорғаныс Комитетінің төрағасы И.В. Сталин қазақтың батыр ұлы Сабыр Рақымовты «Темір генерал» деп атап ерлігін бағалады. 1943 жылы Кеңес Армиясы шабуылға шығып, неміс-фашист әскерлерін Кавказдан қуып шыққан соң Бас Ставка қазақ халқының ержүрек ұлы генерал Сабыр Рақымовты Бас Штабқа оқуға жіберді. Оқуын аяқтаған жауынгер генерал Сабыр Рақымов 1944 жылдың 3-ші қыркүйегінде бірден 47-ші ғвардиялық атқыштар дивизиясының командирі болып тағайындалады. 47-ші ғвардиялық дивизия Сталинградты қорғаған әйгілі генерал Василий Иванович Чуйковтың қолбасшылығындағы 8-ші ғвардиялық армиясының құрамында еді. 47-ші ғвардиялық дивизияның командирі болып Сабыр Рақымов 1944 жылдың 3-ші қыркүйегі мен 1944 жылдың 22 қазаны аралығында қызмет жасады. Ал 1944 жылдың 1-ші қарашасынан бастап, ерлікпен қаза тапқан уақыты 1945 жылдың 26 наурызына дейінгі аралықта генерал-майор Сабыр Рақымов 2-ші Беларусь майданының 65-ші армиясының құрамындағы 37-ші ғвардиялық атқыштар дивизиясының командирі болды.

Ұзақ жылдар бойы өзбек халқы оны өзінің ұлттық батыры, өзбектен шыққан тұңғыш генерал деп құрметтеп келді. Есімін өз тілдеріне бейімдеп Собир Рахимов деп жазды. Кеңес заманында Өзбекстанда Сабыр Рақымовтың атымен Ташкенттегі бір аудан, он колхоз, бес орта мектеп, үш мәдениет үйі, отыз көше, және метро станциялары аталды. 1949 жылы өзбек жазушысы Камиль Яшен «Генерал Рахимов» пьесасын жазды, 1967 жылы «Өзбекфильм» киностудиясы «Генерал Рахимов» атты көркем фильм түсірді. Бірақ 2010 жылдан бастап Өзбекстанда Сабыр Рақымовқа деген құрмет «өзгере» бастады [1, 1 б.]. Ташкенттегі 1981 жылы орнатылған ескерткіші орнынан алынды, қаладағы оның есімімен аталатын аудан «ауыстырылды. Басқа қалаларында да батыр генералға жасалған құрметтер тоқтатылып өзбек халқының жадынан өшіруге бет алынды.

Атақты Жұмабек Тәшеневтың немере інісі Шымкенттегі республикалық әскери мектеп-интернаттың бастығы полковник Ұлықпан Бәшенов ұзақ жылдар бойы генерал Сабыр Рақымовтың биографиясы мен өмір жолын зерттеген. Ұлықпан Бәшеновтың деректеріне қарағанда, Сабыр Рақымов қазақ азаматы, Оңтүстік Қазақстан облысы Қазықұрт ауданындағы Қазықұрт тауының етегіндегі «Көкібел» елді мекенінде 1902 жылы 25 қаңтарда дүниеге келген. Әкесі Омарқұл деген қазақ, ал шешесі Бахарайым өзбек қызы болған. Сабырдың әкесі 1909 жылы ерте қайтыс болады. Сол жылы шешесі Сабырды ертіп Ташкент қаласы маңындағы «Тақтапұлда» тұратын әкесінің қолына көшін барады. Сабыр ағасының дпнрменінде жұмыс істейді. Көп ұзамай шешесінен айрылған жиенін нағашы атасы ұлтын өзбек етін, Рахимов деп өз атына жаздырып Ташкенттегі балалар үйіне тапсырады. Сабыр жастайынан осылай қиындық көрін өседі [2, 3 б.].

Жасынан замандастарымен бірге қиындық көрген Сабыр өжет, қайсар мінезді, батыл азамат болып қалыптасады. Жасы жиырмаға толғанда әскер қатарына өзі сұранып, Баку қаласындағы әскери училищеге оқуға түседі. 1925 жылы Бакудегі командирлер дайындайтын училищені үздік аяқтаған соң Сабыр Рақымовқа кіші офицер лейтенант әскер атағы беріледі. Сол жылы ол Түркістан әскери округына қарайтын Самарқан қаласындағы атты әскер дивизия полкінің взвод командирі қызметіне тағайындалады. 1925-1927 жылдары Орта Азияда Кеңес өкіметінің зорлықшыл, әділетсіз саясатына қарсы көтеріліске шыққан шаруаларды «басмашы, банда» деп атаған еді. Сабыр Рақымов та кезінде «басмашы» атанған ал бүгінде азаттық үшін көтеріліске шығушы күрескерлерге қарсы ұрыс қимылдарына қатысып, ұрыс қимылдары кезінде бірнеше рет жараланады. Ұрыс кезіндегі батылдығы мен жауынгерлік тапсырмаларды орындау кезінде көрсеткен ерлігі үшін Әскери Округ басшылығы тарапынан Қызыл Ту орденіне ұсынылады. Жыл өткен сайын әскери шеберлігі артып келе жатқан Сабыр Рақымов 1930 жылы командирлік құрамның білім жетілдіру мен тактикалық шеберлігін жетілдіру курсына оқып, әртүрлі әскери округтарда қызмет атқарады. 1936 жылы «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталады. 1937-1938 жылдардағы сталиндік «Үлкен террор» деп аталған жазықсыз жаппай жазалау шараларына Сабыр Рақымовты ұшырап, 1937 жылы байдың тұқымы деген жаламен түрмеге түсіп, 9 ай қамауда отырғаннан кейін босатылады. Екі жылғы үзілістен соң 1940 жылы қайта әскерге алынып, Өзбекстанда ерекше химиялық авиациялық ұйымдар кеңесінің ең жауапты бөлімі – жауынгерлік дайындық бөлімін басқарады [3, 6 б.]. Сабыр Рақымов қызмет ететін әскери құрама 1940 жылдың аяғында сол кездегі аса шиеленіскен халықаралық жағдайға байланысты статусы ерекше саналатын Батыс әскери Округына жіберіледі. Ол жерде де ол 1941 жылға дейін қызмет жасап, тәжірибелі әскери қызметкер, кадрлық аға офицер ретінде абырой мен беделге ие болады. 1941 жылы 22 маусымда Ұлы Отан соғысы басталған алғашқы күндерінде майор Сабыр Рақымовтың Батыс әскери Округы аса қуатты, Еуропаның елдерінде соғысып тәжірибе жинақтаған таңдаулы неміс дивизияларының соққыларына ұшырайды. Ұлы Отан соғысының бастапқы кезеңінде Кеңес армиясы ерлікпен соғысқандарына қарамастан ауыр жеңілістерге ұшырады. Оның себебі ғитлерлік армияның жаңа соғысты жүргізуде екі-үш жылдық тәжірибесі болды. Ал Кеңес әскерінің, әсіресе жоғары командалық офицерлік құрамының 1937-1938 жылдардағы сталиндік жаппай қуғын-сүргін жазалауынан кейін армиядағы кәсіби деңгейі төмендеп кеткен еді. Соғыс басталар алдында Қызыл Армия командирлерінің тек 7%-ның ғана жоғары әскери білімі болды, ал 37%-ның тіпті орта әскери оқу орындарының толық курсынан өтпеген болатын. Герман әскерлерінің Бас Штаб бастығы генерал Гальдер: «орыс офицерлік корпусы ерекше нашар болды», – деп атап көрсетті.

Сабыр Рақымов Ұлы Отан соғысына 1941 жылы 27 маусымда майор шенінде, мотоатқыштар полкі командирінің орынбасары ретінде кіріседі. 1941 жылдың шілде-тамыз айларында Белоруссия, Смоленск жеріндегі ауыр қорғаныс шайқастарына қатысып, жараланып 1-2 ай госпитальда емделеді. Ұлы Отан соғысы тарихында 1941 жылдың 10-шілдесі мен қыркүйек арасында Смоленск шайқасының тарихи маңызы зор. 1941 жылдың жазында, Кеңес Одағының қарсы Гитлердің «Қауырт соғыс» жоспарын жүзеге асырмаған

осы Смоленск түбіндегі Қызыл Армияның қорғаныс ұрыстары болып саналады. Екі айға созылған 1941 жылғы Смоленск шайқасында ғерман командованияесінің Мәскеуге шұғыл түрде бұзып-жарып өту жоспарларының тас-талқаны шықты. 1941 жылдың жаз айларында өткен өте ауыр қантөгіс ұрыстарда Кеңес әскерлері Смоленск түбінде қарсы шабуылдау операцияларымен қоса қорғаныста да ерлікпен шайқасты. Смоленск шайқасы 10 шілде мен 10 қыркүйек аралығында өтті. Екі жақтың қанды соғысының майдан шебі 650 км-ге созылып жатты. 1941 жылы Смоленск шайқасында Кеңес Армиясының жоғарғы шенді командирлері мен жауынгерлері жауға қарсы ұйымдасқан қорғаныс ұрыстарын жүргізу мен соғысудың озық тәжірибелерін жинады. Неміс-фашист әскерлері өздеріне қарсы ерлікпен шайқасқан Кеңес армиясының қуатты соққысын осы шайқаста көрді. Тінті Неміс-фашист армиясының Орталық әскерлер тобының кейбір корпусары мен дивизиялары жеңіліске ұшырап, адам және техникасынан айырылып зор шығындарға ұшырады. Ельня операциясында 10 неміс дивизиясы жеңіліске ұшырып кейін шегінуге мәжбүр болды. Әскери тарихшылардың болжауынша Гитлердің «Қауырт соғыс» стратегиялық жоспары осы Смоленск түбінде күйреген. Кеңес армиясының табынды қарсылығының себебінен Гитлердің Кеңес Одағын қысқа мерзімнің ішінде басып алуға арналған «Қауырт соғыс» жоспары орындамалмай қалуының негізгі себебі Сабыр Рақымовтар қатысқан Смоленск шайқасы болды.

Смоленск түбінде ауыр қорғаныс ұрыстары мен қоса жау әскеріне қарсы шабуылдарды шебер ұйымдастырған 16-шы армияның қолбасшысы генерал-лейтенант Лукин кейін өзінің мемуарында «Смоленск шайқасы – ерлік шайқасы» деп жазды. Өкініштісі, Смоленскі шайқасында шебер тактик-қолбасшы генерал Лукинді ауыр жараланып, ес-түссіз жатқан жерінен неміс-фашист әскерлері тұтқынға алады. 1945 жылы Кеңес әскерлері фашистік Германияны тізе бүктірген кейін генерал Лукин тұтқыннан босайды. Лукиннің тұтқыннан босағандығы туралы хабарды НКВД басшылары тікелей И.В. Сталинге хабарлайды. И.В. Сталин «Лукинге Смоленск үшін рахмет» деп жауап береді. Және Лукиннің барлық ордендері мен наградаларын, генералдық әскери шенін қайтарып беруіне бұйрық береді.

Смоленск түбіндегі ауыр шайқастарда полк командирі ретінде майор Сабыр Рақымов ерлік пен шайқасып, өзінің жеке басының батырлығы мен қолбасшылық қабілетін де көрсетеді. Смоленск шайқасында үлкен күш жігер мен батырлықтың арқасында Қызыл Армия жауды уақытша болса да екі ай мерзімге тоқта алды. Күш тең келмейтін шайқаста ерлік көрсеткендері үшін тұңғыш рет 5 дивизияға ғвардиялық атақ беріледі. Неміс әскерлерінің Мәскеуге тоқтаусыз жылжып келе жатқан шабуылдары тоқтатылады. Әрине екі айға созылған Смоленск шайқасында Кеңес Армиясы ауыр шығындарға ұшырайды. Ауыр техника мен солдаттардың шығыны орасан-зор көп болды. Механикаландырылған танк корпусарының тас-талқаны шығады. Сабыр Рақымовқа Совет командованиясы 1941 жылы шілдеде жау қоршауын бұзып шыққандағы батылдығы үшін 2-ші рет Қызыл Ту орденімен марапаттайды және подполковник шенін береді.

Жараланып ғоспитальдан шыққан Сабыр Рақымов 1941 жылдың қыркүйек айының басында Оңтүстік майдандағы 56-шы армияның 1149-шы атқыштар полкінің командирі болып тағайындалып, бірден майдан даласындағы ұрыстарға қатысып кетеді. 1941 жылы күз бен қыс айларындағы ұрыстарда ірі жеңілістерге қарамай Кеңес әскерлері ғитлершілдердің «қауырт соғыс» жоспарын іске асыртпай тастады, ал Мәскеу түбіндегі жеңіс соғыстың барысында түбірлі бетбұрыс жасаудың бастамасын қалады.

Подполковник Сабыр Рақымов 1941-1942 жылдары Оңтүстік майданның құрамында Ростов, Тағанроғ үшін шайқастарға қатысады. 1941 жылдың күз айларында Кеңес Армиясы Ростов, Тағанроғ түбінде қорғаныс құрып тұрды. Ростов, Тағанроғ, Кавкашабуыл жасап келе жатқан Неміс-фашист әскерлерінің «Оңтүстік» тобын ғерман армиясының тәжірибелі қолбасшысы генерал-фельдмаршал Рундштедт басқарып, ірі ірі стратегиялық соғыс операцияларының нәтижесінде қазан айында Кеңес Армиясының Оңтүстік майданның әскерлерін қатты жеңіліске ұшыратады. Ауыр жеңіліске ұшыраған Кеңес әскерлері кейін шегіне бастады. Неміс әскерлері Донбасстың көп бөлігін басып алды, содан кейін Дондағы

Ростовты басып алуға, сол арқылы Сталинград пен Кавказға жол ашуға тырысты. 1941 жылдың қарашасының бірінші жартысында Кеңес әскерлерінің қорғаныс шебіне басты соққыны генерал-полковник Эвальд фон Клейст басқарған 1-ші танк армиясы жасады. Клейст тобы Ростовтың шығысына қарай Дон даласына шықты. Стратегиялық инициативаға ие неміс әскерлері жауынгерлік қабілетін жоғалтпады, олар Миллерово, Астахово, Аграфеновка (Ростовтан солтүстікке қарай 60 шақырым) аймағына кірді және Шахтинск индустриалды аймағын басып алуға, содан кейін Ростовты алуға және Воронеж-Дондағы Ростов стратегиялық теміржол мағистралін басып алуға қауіп төндірді. Жағдайдың ауырлығына қарамастан ерлікпен қорғаныс шайқастарын жүргізіп жатқан Кеңес армиясы Ростовқа қарай шабуылдап бара жатқан генерал-полковник Эвальд фон Клейст басқарған 1-ші танк армиясының фланглары мен тыл коммуникацияларына қарсы соққылар жасады. Осы кезде Оңтүстік-батыс бағыттағы майдан қолбасшысы Маршал С.К. Тимошенко Сталин басқарған Қорғаныс комитетіне өзінің қарсы шабуыл жасау жоспарын ұсынды. Кеңес Армиясының Жоғарғы Бас қолбасшылығының ставкасы Маршал С.К. Тимошенконың жоспарын бекітті. Ставка Маршал Тимошенко басқаратын Оңтүстік-Батыс майданның алдына 1-ші неміс танк армиясын толық талқандап жоюды, неміс әскерлерінің Кавказ бағытына шабуыл екінін тоқтатуды тапсырды. Сонымен бірге немістердің «Оңтүстік» армия тобының негізгі күштерін әлсіретін, жаудың Мәскеу бағытында шабуылдап бара жатқан аса қуатты «Орталық» армия тобымен қосылып кетуіне, яғни «Орталық» армия тобының күшейіп кетуіне жол бермеуді қатты тапсырады. Себебі онда Мәскеу тағдыры шешілін жатты, ал немістерге Кеңес Одағының астанасын басып алу үшін осы «Оңтүстік» әскерлерінен қосымша күштер аса қажет болатын. Маршал Тимошенконың бастамасы бойынша Оңтүстік-Батыс майданының әртүрлі армияларынан асығыс жиналған дивизиялар мен қосымша резервтердің есебінен Краснодар және Каменск-Шахтинск аудандарында генерал-майор А.И. Лопатиннің қолбасшылығымен 37-ші армия құрылды. Генерал-майор А.И. Лопатиннің 37-ші армиясының шабуылына 18-ші және 9-шы Кеңес армиялары іргелес қапталдардан қолдау көрсетті. 1941 жылдың 15 қарашасындағы жағдай бойынша Маршал Тимошенконың Оңтүстік майданы мен 56-шы дербес армияның құрамында жиырма екі атқыштар дивизиясы, тоғыз кавалериялық дивизиясы және бес танк бригадасы болып, майдандағы барлық әскердің саны 262 600 жауынгерді құрады.

1941 жылдың 14 қарашада Жоғарғы Бас Қолбасшының Ставкасы 56-шы дербес армияның негізгі соғыс жоспарына келесідей міндеттерді қойды: «56-шы дербес армияның шебіне қуатты соққы жасайтын жау әскерінің шабуылына төтеп беруі және 56-шы дербес армияның басты міндеті Ростов-Новочеркасск аудандарындағы қорғаныс шептерін берік ұстау болып табылады».

Оқиғалардың одан әрі дамуына Маршал Тимошенконың өте сәтсіз шешімі теріс әсер етті. Ол Ростовтағы 1-ші танк армиясының негізгі күштеріне негізгі соққы беру дұрыс деп шешті. Ал Ставка Таганроғқа шабуыл жасауды және неміс күштерін екіге бөліп, Азов теңізіне шығуды талап етті. Бұл шешімді жүзеге асыру үшін Оңтүстік майдан әскерлерді қайта топтастыруға 3 күн жұмсады. Қауіптің ауқымын бірден түсінген генерал Клейст фельдмаршал Рундштедт пен Гитлердің рұқсатын күтпей, өз әскерін құтқару үшін шұғыл шаралар қолдана бастады.

27 қарашада 56-шы армияның алғашқы бөлімдері мұз үстімен Доннан өтіп, Ростовқа қарай бет алды, қала көшелерінде қантөгіс шайқастар басталды. 29 қарашада 37-ші армия күштерінің бір бөлігі неміс қорғанысын бұзып, Сұлтан-саланың солтүстігіне қарай шықты, ал 56-шы армия Чалтырды басып алды. Сол күні 56-шы армия мен 9-шы армия бөлімдері үш күндік көше шайқастарынан кейін Дондағы Ростов қаласын толығымен азат етті. Бұл бағыттағы майдан шебін Кеңес армиясының шабуылынан құтқару үшін «Оңтүстік» армия тобының қолбасшылығы Харьковтың түбінен таңдаулы төрт неміс дивизияларын Ростов бағытына жіберді. Енді майдан шебі тұрақтанды. Кеңес әскерлері адам мен техникасы бойынша шығындарға ұшырады және қосымша резервтерінің болмауына байланысты немістердің қорғаныс шебінен өте алмады.

Ростов бағытындағы шабуылдау операциясы Кеңес әскерлерінің 1941-1942 жылдардағы қысқы науқанындағы алғашқы үлкен жетістігі болды. 1941 жыл 5-6 желтоқсанда Мәскеудің түбіндегі кеңес армиясы қарсы шабуылға шығып, бірге Ростов операциясымен бірге Гитлердің «Барбаросса» жоспарын біржолата быт-шытын шығарды. Гитлер барлық жеңілістері мен сәтсіздіктерін өзінің қолбасшыларына аударып, «Оңтүстік» әскерлер тобының қолбасшысы фельдмаршал Рундштедт пен Мәскеу түбінде жеңіліске ұшыраған «Орталық» әскерлер тобының қолбасшысы фельдмаршал Фон Бокты қызметтерінен алып тастайды.

Ростов пен Тағанроғ бағытындағы барлық аса ауыр қорғаныс ұрыстары мен қарсы шабуыл жасау операцияларына қатысқан подполковник Сабыр Рақымов 1942 жылдың қаңтар айының соңында басында екінші рет жараланып төрт ай емделеді. Госпитальдан шыққан соң 1941-1942 жылдардың күзгі және қысқы айларындағы қанды шайқастарда полкті шебер басқарып, ерлік көрсеткені үшін Сабыр Рақымовқа полковник шені беріледі.

1942 жылы мамыр айында госпитальден емделін шыққан шыққан соң полковник Сабыр Рақымов майдан қолбасшысының бұйрығымен 56-шы дербес армияның құрамындағы 395-шы атқыштар дивизиясының командирінің орынбасары болып тағайындалады.

Кеңес армиясы үшін 1942 жылғы әскери науқанның басталуы өте сәтсіз болды. 1942 жылдың көктемі мен жазғы ұрыстарында Харьков бағытына қарсы 2000 шақырымдық майдан шебі бойынша шабуылға шыққан Кеңес армиясы ауыр жеңіліске ұшырайды. Сталин басқарған Жоғарғы Бас Қолбасшылықтың Ставкасы Кеңес-герман майданының бүкіл ұзындығы бойынша операцияларды жоспарлау мен жүргізуде елеулі қателіктер жіберді. Кеңес армиясының 1942 жылдың қысында және көктемінде көптеген жеке шабуылдау операциялары арқылы әскери табыстарға жету әрекеттері сәтсіздіктерге ұшырады. Сонымен, Ржев-Вяземск, Смоленск, Харьков операцияларын жүргізген Кеңес армиясының қолбасшыларының дарынсыздығынан миллиондаған кеңес жауынгерлері қаза тапты және тұтқынға түсті. 1942 жылғы Кеңес әскерлерінің Харьков түбіндегі сәтсіз шабуылдау операциясы кезінде неміс-фашистер қолбасшылары шебер әскери тактикалық басымдықтарын пайдаланып, Қызыл Армияның үлкен тобын жойып жібереді.

1942 жылдың жазына қарай Қызыл Армия позициялық қорғанысқа көшті. Кеңес қолбасшылығының тағы бір стратегиялық қателігі Гитлер жазғы соғыс науқанын Мәскеу, Ленинград бағытына қарай жүргізеді деп болжайды. Дәл сол жерлерде Кеңес қолбасшылығы неміс әскерлерінің шабуылы мен негізгі шайқастарды күтті. Кавказға шабуыл күтпеген жағдай болды. 1942 жылғы немістердің жазғы шабуылы Кавказ бағытына бағыттталып, онда неміс командованиесінің шабуылды жоспарлауда жетістіктерін және тәжірибесінің озық екенін көрсетті. Ростов қаласын басып алу арқылы неміс әскерлеріне Дон мен Еділ арасындағы кең далаға шығуға мүмкіндік береді. Шабуылды одан әрі табысты өрістету үшін Гитлер «Оңтүстік» армия тобы екі ірі топқа бөлінді. Кавказ бағытына шабуыл жасайтын әскерге «А» армия тобы деп ал, Сталинград бағытындағы әскерге «Б» армия тобы деп шартты аталды. Стратегиялық басымдылық пен әскери инициатива қайтадан Германияға ауысты. Кеңес Армиясы үшін аса қатерлі жағдай қалыптасты. Сталин қайтадан аса қаталдықты талап ететін төтенше жағдайда бұйрықтарды шығара бастады. 1942 жылы 28 шілдеде Жоғарғы Бас Қолбасшы, Қорғаныс комитетінің төрағасы Сталиннің «Бір қадам кері шегінбеу» туралы № 227 бұйрығы шықты.

Жағдайдың шейеленісі тұрған кезінде Кеңес командованиесінің үлкен сенімімен 1942 жылы 1 қыркүйекте Сабыр Рақымов 395-ші атқыштар дивизиясының командирі болып тағайындалды. 395-ші дивизияның командирі полковник Сабыр Рақымов 1942-1943 жылдардағы Кавказ үшін болған Ұлы Отан соғысының ең елеулі бетбұрысы болған Солтүстік Кавказдағы ұрыстарға қатысады. Ұлы Отан соғысының нәтижесі үшін Кавказ үшін шайқас өте маңызды болды. Кавказ үшін шайқас Ұлы Отан соғысының ең ұзақ қырғын соғысының бірі болды және ол 1942 жылдың 25 шілдесінен 1943 жылдың 9 қазанына дейін созылды. Фашистік Германия үшін Кавказ өте маңызды болды. Себебі Германияның соғыс экономикасына негізінен мұнай мен мұнай өнімдерінің жетіспеушілігі байқалды. Армияның

техникалық жабдықталуы өсіп, неміс өнеркәсібі қиындыққа тап болды. Еуропаның басып алынған аудандарындағы мұнай өндірісінен алынған көмірдің, бензолдың және т.б. шикізаттардың көлемі неміс экономикасын әрең қамтамасыз етті.

56-шы дербес армиясының құрамында Сабыр Рақымов 395-ші дивизиясын шебер басқара отырып, 1942 жылдың жазы мен күзіндегі Дондағы және Кубандағы ауыр қорғаныс шайқастарынан өтін, Солтүстік Кавказды қорғауға қатысты. 1942 жылдың жазы мен күз айларындағы Кавказ үшін шайқаста неміс армиясы бірқатар қалаларды атап айтсақ Ставрополь, Армавир, Майкоп, Краснодар, Элиста, Моздок және Новороссийск қалаларын басып алады. Ал 1942 жылдың 16 тамызда немістер Кавказдың ең биік шыңы Эльбрусті бағындыру үшін шыңға шығуды бастады. 21 тамызда неміс альпинистері Кавказ таудың Эльбрус шыңына шығып, 5642 метр биіктігінде нацистік туды орнатты. 1942 жылдың қыркүйегінде неміс әскерлерінің тегеуірінді шабуылын Кеңес армиясының бөлімдері Малгобек ауданында тоқтатады.

Сабыр Рақымовтың 395-ші атқыштар дивизиясы 1942 жылдың қыркүйек-қазан айларында Туапсин қорғаныс операциясында өздеріне берілген жауынгерлік тапсырманы ойдағыдай орындауымен ерекшеленді.

1942 жылдың 25 қыркүйегінен майдан шебіндегі стратегиялық маңызы зор Туапса қорғаныс операциясының басталды. Туапсеі бір адым кейін шегінбей қорғау міндеті Сабыр Рақымовтың 395-дивизиясы бағынышты 18-ші армияға жүктелді. Гитлер Туапсеі басып алуға үлкен мән берді. Біріншіден, қалада мұнай өңдеу зауыты орналасқандықтан, бұл жанармайдың үлкен қорын бар екенін білдіреді. Жанармай гитлерлік армияға ауадай қажет болды. Сондықтан немістер Қызыл Армияны осы жанармай резервтерінен айыруды басты мақсат қылып қойды. Екіншіден, Одесса мен Севастополь құлағаннан кейін Новороссийск ішінара басып алынды - Туапсе Қара теңіздегі жалғыз Әскери-теңіз базасы болып қала берді. Сонымен қатар, Туапсе құлауы фашистердің Новороссийскті түпкілікті басып алуына мүмкіндік беретін еді. Туапсеі қорғап тұрған дивизия командирі Сабыр Рақымовтың алдында үлкен міндет пен жауапкершілік тұрды.

18-ші армияның құрамына Сабыр Рақымовтың 395-ші атқыштар дивизиясы, өзіне берілген участка қорғанысқа көшіп, қандай жағдай болмасын неміс-фашист армиясын Майкоп-Туапсе бағытында алға жылжуына жол бермеу туралы Жоғарғы Бас Ставқадан қатал бұйрық алады. 1942 жылдың тамыз айында және қыркүйек айының басында Новороссийск жағынан Туапсқа өтуге жасалған сәтсіз әрекеттен кейін неміс-фашистік командованиясі «А» армия тобының 17-ші армиясы әскерлерінің негізгі күш-жігерін (44-ші армия, 57-ші танк және 49-шы тау-кен атқыштар корпусы күштерінің бөлігі) Майкоп-Туапсинск бағытына шоғырландыру туралы шешім қабылдады. 17-ші армияның қолбасшысы генерал-полковник Руофф Кавказ жотасының батыс бөлігіндегі таулар арқылы Хадыженская ауданынан Туапсе бағытынан Кеңес армиясына қуатты соққы беруді жоспарлады. Жаудың жоспары Шаумян ауылының солтүстік-шығысындағы қорғаныста тұрған 18-ші армияның негізгі күштерін қуатты соққымен жойып жіберу болды.

Кеңес әскерлері күші басым жаудың бір уақытта және бірнеше бағыттан жасаған шабуылына қарсы ауыр қорғаныс шайқастарын жүргізді. Туапсе бағытындағы ерекше маңызы бар жолдар, биіктіктер мен коммуникациялар үшін қантөгіс шайқастар толассыз жүрді. Жау алғашқы соққына 1942 жылдың 24 қыркүйегінде 9 сағат 50 минутта танктерінің қолдауымен Сабыр Рақымовтың 395-ші атқыштар дивизиясының 723-ші атқыштар полкінің учаскесіне жасады. Сабыр Рақымовтың дивизиясының жауынгерлері жаудың әскерімен екі сағат бойы тоқтаусыз ұрыс жүргізін, немістердің жаяу әскерін зор шығынға ұшыратып, оларды бастапқы шебіне қарай шегінуге мәжбүр етеді. қаһармандықпен шайқасқан Сабыр Рақымовтың дивизиясы 18-ші армияның әскерлерімен бірге қалаға тікелей шабуыл жасаған жаудың ірі көлемдегі әскери құрамасын тоқтатып, содан кейін қарсы шабуылға шығып неміс-фашист әскерлерін кейін қарай едәуір қашықтыққа кері шегіндірін тастайды. 25-28 қыркүйек аралығында 395-ші атқыштар дивизиясының бөлімдері жаудың өршелене жасаған шабуылдарының барлығын тойтарып, өз қорғаныс шептерін берік ұстады. Енді неміс

әскерлері бағытын өзгертін 29 қыркүйектен бастап Гейман мен Гунай тауларын басып алуға тырысып, 383 және 236-шы атқыштар дивизияларының қорғаныс шептеріне қарсы шабуылға шықты. Сонымен бірге Сабыр Рақымовтың 395-ші атқыштар дивизиясының бөлімшелеріне қарсы армияның сол қапталында шабуыл жасауды жалғастыра отырып, фашистер Фанагория ауылының аймағына кіруге тырысты.

1942 жылдың 30 қыркүйегінде Сабыр Рақымовтың 395-ші атқыштар дивизиясы сегіз танктің қолдауымен шабуылға шыққан жаудың екі жаяу полкінің шабуылдарын тойтарып, Фонарь тауы мен Фанагория ауылынан кейін қарай шегінуге мәжбүр болды. 1 қазан күні таңертең Сабыр Рақымовтың дивизиясына полковник А.Жиров тобы көмекке келеді де, Сабыр Рақымовтың дивизиясы қарсы шабуыл жасап, қайтадан Фанагория ауылының оңтүстік-батыс бөлігін қайтарып алады. Неміс-фашист армиясы осылайша, алты күн ішінде жекелеген бағыттарда біздің әскерлерімізді 10-12 шақырымға шегіндірін, Черниговский, Котловина және Гайман таулары ауылдарының шекарасына жетуі мүмкіндік алады. Сонымен Сабыр Рақымовтың 395-ші атқыштар дивизиясы 1-6 қазан аралығында НКВД-ның полктерімен бірге 514,2 биіктік пен Фонарь ауданындағы жағдайды қалпына келтіру үшін қантөгіс ұрыстар жүргізді. Үлкен күш-жігердің арқасында Сабыр Рақымовтың дивизиясы Фанагорияны қайтарып алып, 198-ші неміс және Словакия дивизияларының одан әрі алға жылжуын тоқтата алды. 1-14 қазан аралығындағы шайқастарда Сабыр Рақымовтың 395 атқыштар дивизиясында 66 адам қаза тауып, 267 адам жараланды және 76 адам хабарсыз кетті. Дивизияның жалпы шығығы – 409 жауынгерді құрады.

1943 жылдың басында 395-ші атқыштар дивизиясы Солтүстік Кавказ шабуыл операциясында өзін жақсы көрсетті. Полковник Сабыр Рақымовке 1943 жылы 19 наурызда генерал-майор әскери атағы берілді.

1943 жылы көктемде генерал-майор Сабыр Рақымов К.Е.Ворошилов атындағы Бас Штаб академиясына оқуға жіберіледі [4].

Жоғарғы бас қолбасшы Кенес Одағының басшысы И.В. Сталин Сабыр Рақымовтың Солтүстік Кавказды неміс-фашист әскерлерінен азат етудегі ерлігі мен әскери шеберлігіне тәнті болып, жеке басының батырлығына, мінезінің ерекше қайсарлығы бағалап «темір теңеурінді генерал» деп атаған.

1944 жылы қыркүйекте оқуын аяқтаған соң Сталинград шайқасында жоғары қолбасшылық шеберлігімен даңқы шыққан В.Чуйков басшылық жасайтын 8-ғвардиялық армияның құрамындағы 37-шы ғвардиялық дивизияның командирі болып тағайындалады. 1944-1945 жылдары генерал Сабыр Рақымов Шығыс Пруссия, Польша жеріндегі ұрыстарға қатысып талантты командир ретінде көзге түседі. Генерал Рахимов Польшаның Грауденц бекіісті қаласын қорғаған 9 мың солдатты бар неміс ғарнизонына қарсы шабуыл жасау кезінде ерекше көзге түсті. 37-ші ғвардиялық дивизияның жауынгерлері 1945 жылы 16 ақпанда күшті соққымен қалаға жақын жерде жау бекіністерін бұзып, бірнеше елді мекендерді босатып, қалаға бірінші болып кірді. Әр үй қорғанысқа бейімделген қала көшелеріндегі қантөгіс шайқаста, қорғаныстағы неміс әскерлері шабуылдаушы Рақымовтың дивизиясын бірнеше рет қаладан қуып шығарды. Бірақ қаһарман кенес жауынгерлері қайта шабуылдап басып алған плацдардарды кеңейте береді. Сабыр Рахимов шебер тактикалық маневрлерді қолданып ғарнизонның негізгі күштерін өзіне тарта білді. Осындай табанды әрекеттердің арқасында 1945 жылдың 22 ақпанға қараған түні күшті соққы жасап қаланы бір уақытта басып алады. Гарнизондағы неміс әскерлерінің қалдықтары ортағасырлық цитадельге барып орналасып өздерінің қарсылықтарын көрсете берді бірақ бірнеше күннен кейін барлығы өз еріктерімен тұтқынға беріледі. Содан кейін генерал Рахимовтың дивизиясы Шығыс Померания операциясындағы шабуылдық шайқастарда өзін жақсы көрсетті, бірнеше күнде ерлікпен шайқаса отырып 150 шақырымға жуық алға жылжыды. 1945 жылы Пруссия жерінде ауыр қантөгіс ұрыстар жүрін жатты. Пруссия неміс халқы үшін қасиетті жер саналады. Себебі неміс ұлтының қаһарман әскери қолбасшыларының көпшілігі осы Пруссия жерінен шыққан. 1945 жылы Ұлы Отан соғысының осы кезеңі неміс халқы үшін Отанын, туған жерін, үйін, бала-шағасын қорғау сипатына айналып шыға келді. Сондықтан Пруссия

жеріндегі әр бір үйді, әрбір көшені, қаланы немістер асқан ерлікпен қорғады. Генерал Сабыр Рақымов басшылық жасайтын 37-ғвардиялық дивизия немістердің таңдаулы әскери бөлімдерінен құралған әскерге қарсы соғысып, олардың тас-талқандарын шығарды. Гвардияшылар кеңес армиясының әскери құрамаларының арасынан бірінші болып Балтық теңізінің жағалауына жетеді. Неміс командованиясы үшін стратегиялық маңызы бар Данциг ғарнизонын Вистуланьң төменгі ағысындағы жаудың негізгі тобынан кесін тастады. Дивизия Шабуыл қарқынын бәсеңдетпей, әртүрлі әдіс-айлаларды кеңінен қолдана отырып, Данцигке бірінші болып кірді. Жауынгерлер қала үшін көше шайқастарында ерлікпен соғыс-қимылдарын жүргізді. Генерал Рақымов іс-әрекетімен дивизияны шебер басқарды, жеке басы қайсар ол солдаттардың өмірін сақтап қалу үшін ең шиеленісті учаскелердегі шайқастарда дивизияның бөлімдерін өзі басқарды. Қорғаныстағы неміс армиясының бөлімдеріне Балтық теңізінде тұрған неміс корабльдері де барынша көмек көрсетті. 1945 жылы 26 наурызда Польшаның Данциг қаласы үшін шабуылда Балтық теңізінде тұрған немістің әскери кемелерінен атылған зеңбірек снаряды Сабыр Рақымовтың бақылау пунктіне дәл түседі. Генерал-майор Сабыр Рахимов снарядтың жарықшағынан басынан қатты жараланып, госпитальда 8 сағаттан кейін есін жинамай қаза табады.

Кеңес үкіметінің әскери басшылығы генерал Сабыр Рақымовты Беларусь жеріндегі Гродно қаласына әкеліп жерледі. Сәл уақыт өткен соң 1945 жылдың 25 мамырында өзбектер генерал Сабыр Рақымовтың мәйітін Ташкентке әкеліп, Кафанов атындағы парктегі мұсылмандық зиратқа жерлеп, кейін ескерткішін орнатады. КСРО Жоғарғы Кеңесі Президумының қаулысымен 1965 жылдың 6 мамырында генерал-майор Сабыр Омарұлы Рақымовқа Ұлы Отан соғысында көрсеткен ерлігі үшін «Кеңес Одағының Батыры» атағы берілді [5, 2 б.]. 1968 жылы Өзбекстанда генерал Сабыр Рақымов туралы «Генерал Рақымов» атты көркем фильм түсірілді. Сұрапыл соғыс жылдарында Сабыр Рақымов қолбасшы ретінде ерекше қабілетімен көзге түседі және алғы шепте соғысқан әскери бөлімінің тактикалық ұрыс қимылдарын сауатты ұйымдастыра білген. Ерлігі ескерусіз қалмай жоғарғы басшылық тарапынан Ленин орденімен, 4 мәрте жауынгерлік Қызыл Ту орденімен, 2-ші дәрежелі Суворов, 2-ші дәрежелі Кутузов орденімен, Қызыл Жұлдыз орденімен, бірнеше медальдармен марапатталған [1, 2 б.]. Кеңес Одағының маршалы А.Гречко қазақ генералының әскери талантын жоғары бағалаған. 1966 жылы Польша мемлекеті жаңа жасалған кемеге С.Рақымов атын береді. Кеңес елінде бейнесі кескінделген почта конверті де шығарылады.

Қазақ халқының азаматтары генерал Сабыр Рақымовтың қазақ екенін дәлелдеп, оның есімін ұлтына қайтару бағытында 1970 жылдары-ақ әрекет жасағанымен, ұлт зиялылары, ресми билік тарапынан қолдау таппаған. Шымкенттік ғалым Әсілхан Оспанұлының Қазақ КСР Ғылым Академиясының Ш.Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтына Сабыр Рақымовтың қазақ екенін, оның есімін құрметтеу жөнінде жазған хатына сол кездегі басшылық тарапынан нақты жауап берілмеген. Соған қарамастан Сабыр Рақымовтың өмір-дерегін 1970-ші жылдары Шымкент педагогика институтының доценті, филология ғылымдарының кандидаты Әсілхан Оспанұлы, 1990-шы жылдары танымал журналист, қоғам қайраткері Әкім Ысқақ зерттеп оның өзбекстандық қазақ екенін дәлелдеген [6, 8 б.].

Зерттеуші С.Дүйсеннің пікірінше бұл құжаттағы ресми мәтіннен біз қазақтың тұңғыш генералын ұлтына қайтаруға сол кездегі қазақтың тарихшы ғалымдарының белсене әрекет жасамағандарын көрсетеді. Себебі 1960-1980 жылдары қазақ ғалымдары «ұлтшыл» атанудан әлі де болса сескенетін еді.

Еліміз тәуелсіздік алған соң ғана генерал Сабыр Рақымовтың қазақ ұлтының мақтан тұтар батыр ұлы екені халқымызға мәлім болды. Бүгінгі күнде Сабыр Рақымовтың құрметіне Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент, Тараз қалаларында көшелер, туған жері Қазығұртта ауыл аты берілді. 2003 жылы Шымкенттегі республикалық әскери мектеп-интернат оның есімімен аталып, ескерткіші орнатылды [7, 9 б.]. 2012 жылы Шымкент қаласындағы «Жеңіс» саябағының алдына даңқты қолбасшының құрметіне ескерткіш орнатылды.

Биыл, 2022 жылы қазақ халқының батыр ұлы – генерал Сабыр Рақымовтың туғанына 120 жыл. Ұлтының атын шығарған, ел мақтанышына айналған әскери қолбасшының мерейтойын кең көлемде атап өтін, келер ұрпаққа аманаттау бүгінгі күннің міндеті. Сабыр Рақымов әскерге штабта отырып басшылық жасаған генерал емес, ол майданның алғы шебінде жүрін қол бастаған сардар. Оның ерлігі мен үлгі өнеге боларлық өмір-жолы терең ғылыми-зерттеу жұмысын талап етеді. Ел басына қауіп төнген сұрапыл жылдарда жарқын болашағымыз үшін жанын қиған азаматтардың қай-қайсысын да құрметтеу, рухына бас иіп, ерлік істерін үлгі ету бүгінгі күнде біздердің парызымыз.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Тегіне оралған Сабыр // Алаш айнасы. – 2011. – 7 мамыр.
2. Исмаилов А. Боевой путь генерала С. Рахимова // Южный Казахстан. – 2008. – 8 май.
3. Мырзахмет Ж. Темір генерал. – //Егемен Қазақстан. – 2017. – 5 сәуір.
4. Дүйсенов С. Өзбекке телінген қазақ батыры //http://www.namys.kz/=4799. – 2011. – 1 шілде.
5. Указ о присвоении звания Героя Советского Союза Рахимову С.О //Правда. – 1965. – 7 мая.
6. Тайжан Б. Генерал Рақымов ел есінде // Егемен Қазақстан. – 2012. – 14 ақпан.
7. Елшібай Ғ. Сабыр Рақымовқа ескерткіш орнатылса // Жас Алаш. – 2012. – 4 қазан.

ҚАЙРАТКЕР ТҰРАР РЫСҚҰЛОВТЫҢ МҰСБЮРОДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ

Сембиева Ш.Б., аға оқытушы

Белгібай Ж.Қ., т.ғ.к., доцент

М. Әуезов атындағы Оңтүстік-Қазақстан университеті

Шымкент қ., Қазақстан

Отан тарихы ғылымында толық шешімін таппаған әлі зерттелу деңгейі тым мардымсыз тақырыптар өте көп. Осындай зерттелуі жұтаң, көп бұрмалаушылыққа ұшыраған тақырыптардың бірі Тұрар Рысқұловтың Мұсбюродағы қызметін жатқызуға болады. Шығыс халықтарының коммунистік ұйымдары өткізген I съезде қабылданып, РКП(б) VIII съезінде бекітілген шешімге сәйкес, 1919 жылы 14-31 наурыз аралығында Ташкент қаласында болып өткен ТКП II конференциясы «...партияның мұсылман бөлігіндегі партия жұмысына басшылық пен ұйымдастыруды» жақсарту үшін ТКП ОК жанынан Мұсылман Бюросын құру туралы шешім қабылдады. Мұсбюро құрамына: Т. Рысқұлов (төрағасы) Н. Қожаев, Ю. Алиев, Ю. Ибрагимов және А. Мұхитдинов кірді [1,76 б.] Орыс большевиктерінің шовинистік пиғылы мен отаршылдық саясатына қарсы құрылған Мұсбюро өзінің алдына қойған мақсаты мен істеген қызметінде патшалық Ресей тұсындағы Мемлекеттік думаның жанындағы Мұсылман бюросының жалғасы іспеттес еді.

Түрікшіл коммунистер Т. Рысқұловтың басшылығымен жергілікті түрік халықтарының мүддесін қорғау мақсатында республиканың барлық облыстары, уездері мен қалаларында Мұсбюроның жергілікті ұйымдарын құрды. Ұйымдасқан түрде жүйелі жұмыс істеуге кіріскен Мұсбюроға өз конференцияларын шақырып отыру құқығы берілді. 1919 жылы 18-сәуірде РКП(б) ОК Мұсбюроға Москвадағы Орталық Бюромен өз бетімен, тікелей радио байланыс жасауына рұқсат етті. Бұл РКП(б) ОК-ның Мұсбюромен санасуға мәжбүр бола бастағанын көрсетіп берді [2,138 б.] Мұсбюро түрік халықтары арасында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу үшін 1918 жылдың 20-маусымнан бастап түрік тілінде шыға бастаған «Иштракун» атты ТКП және ТАКСР ұлт істері жөніндегі халық омиссариятының органы кең көлемде пайдаланды. Алғашында аптасына үшрет шығып тұрған газет 1919 жылдың 1-наурызынан бастап 3 мың дана таралыммен күнделікті өзбек және қазақ тілдерінде